

## Ақтөбе қаласының кейбір коммуналдық мемлекеттік білім беру мекемелеріне атау беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 26 наурыздағы № 165 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

### 1. Мынадай білім беру ұйымдарына:

1) "Ақтөбе қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№ 41 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Фариза Онгарсынованың есімі ;

2) "Ақтөбе қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№ 72 жалпы білім беретін орта IT мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Әбіш Кекілбайұлының есімі берілсін.

### 2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

A. Мамин